

«Келісілді»

ИП «АС» «Умники» жеке бөбекжайы
әдіскері: К.Г.Арыстанова 



«Бекітілді»

ИП «АС» «Умники» жеке бөбекжайы
директоры: А.А. Смаилов 

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу бағдарламасы негізінде
2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары
(№1 педагогикалық кеңес хаттамасында қаралды 28.08.2024ж)
«Айгөлек» мектепалды тобы

Музыка жетекші: Акбукенова А.А.

Айы	Ұйымдастырылған іс- әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Музыка	Музыка тындау - Шығармалардың эмоционалдық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін, әсерлі реңктерін ажырату. Ән айту - Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларда қиын емес әуендерді 2–3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету, септима мен терция дыбыстарын ажырату, қолымен бағытын (жоғары-төмен) көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату. Музыкалық-ырғақтық қимылдар - Музыка сипатын анық ырғақты жүріспен, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру жаттығуларын орындау. Билер - Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау, халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру. Музыкалық аспаптарында ойнау - Ересектердің орындауындағы музыкалық пьесаларды тыңдау, жоғарғы регистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажырату.
Қазан	Музыка	Музыка тындау: - Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту. Ән айту - Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. Музыкалық-ырғақтық қимылдар - Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын – жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. Ойындар, хороводтар - Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру, музыкалық тіркестерге сәйкес

		қозғалыстарды өзгерту, жылдамдық пен ептілікті білдіру. Музыкалық аспаптарында ойнау - Ересектердің орындауындағы музыкалық пьесаларды тыңдау, жоғарғы регистр, аспаптың дыбысталу тембріні ажырату.
Қараша	Музыка	Музыка тыңдау - Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Ән айту - Ән айтуда дауыспен вокалдық есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар - Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету. Билер - Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындауға үйрету. Музыкалық аспаптарында ойнау - Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету.
Желтоқсан	Музыка	Музыка тыңдау - Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту. Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру. Ән айту - Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту Музыкалық-ырғақтық қимылдар - Марш сипатын анық ырғақты жүруге үйрету. Би шығармашылығы - Қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту. Музыкалық аспаптарында ойнау - Балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.
Қаңтар	Музыка	Музыка тыңдау - Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру. Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету.

		Ән айту - Ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар - Музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. Билер - Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, әнкүйлерімен, дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру. Музыкалық аспаптарында ойнау - Музыкалық (дауылпаз, асатаяқ) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.
Ақпан	Музыка	Музыка тыңдау - Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру. Ән айту - Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Билер - Балаларға «Қаражорға» биін билету. Музыкалық аспаптарында ойнау - Музыкалық (тұяқтас, қоңырау) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.
Наурыз	Музыка	Музыка тыңдау - Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазының, Қорқыттың, Тәттімбеттің, Дина Нұрпейісованың, Дәулеткерей Шығайұлының, Ықылас Дүкенұлының шығармаларымен таныстыру. Ән айту - Өртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Билер - Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару.

		Музыкалық аспаптарында ойнау - Музыкалық (сыбызғы, домбыра) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.
Сәуір	Музыка	Музыка тыңдау - Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу. Ән айту - Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар - Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру. Би шығармашылығы - Мәтінге сәйкес әнді сахналау. шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. Музыкалық аспаптарында ойнау - Музыкалық (металлофон, ксилофон, бубен) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.
Мамыр	Музыка	Музыка тыңдау - Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу. Ән айту - Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар - Шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. Музыкалық аспаптарында ойнау - Музыкалық (барабан, маракас, румба) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.